

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 45-46 (956-957) 13 қазан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

АДАЛ ҚОҒАМ АЛҒА БАСАДЫ

Еліміздің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық игерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі сыбайлас жемқорлықты еңсеру болып табылады. Қоғамды жегідей жеген індетке қарсы тосқауыл қоюдың бір жолы – оған қарсы мәдениетті, яғни қоғамды жемқорлықтан жаппай жирендіру, адамдар бойында кіршіксіз адалдық сезімін қалыптастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екенін айрықша атап көрсеткен болатын. Бүгінгі күні еңізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы адалдық, парасаттылық идеологиясын орнықтыруға, қоғамдық бақылауды күшейтуге бағытталған алдын алу жұмыстарын кешенді түрде жүргізуге басымдық беріліп, ерекше назар аударылып отыр. Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби “Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында” деуінде үлкен мән бар. Ғұламаның айтуынша, жаман мінезде жасампаздық, қайырымдылық жетіспейді, бақыт пен бақ-дәулетке жеткізетін жол таңдаусыз қалады. Жаман мінезді басшыда бұзық әрекет мүмкіндігі жақсылық жасаудан басым түседі. Теріс қасиет пен қылықтар бір-бірімен ұласқанда елдің ыдырауы мен құлдырауы жақын тұрады. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы шеңберінде 2022 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Осы жылы “Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл” жобасының төртінші үлгілік базалық бағытын іске асыру басталды. Жоба шеңберіндегі бірінші кезең сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге бағытталды. Оның қорытындысы негізінде 5 ұсыныс әзірленіп, түгел дерлік орындалды. Осынау игі бастаманы жүзеге асыруға Қазақстан халқы Ассамблеясы, діни бірлестіктердің, этномәдени орталықтарының өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшылары тартылып, парасаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құллық құндылықтары кеңінен насихатталды, басқаларға үлгі етілді. Облыс тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмыста “Qyzyljar”, “МТРА”, “Бірінші Солтүстік” телеарналарының, “Soltüstik Qazaqstan”, “Северный Казахстан” басылымдарының, ақпараттық порталдардың, әлеуметтік желілердегі топтардың ресурстары кеңінен пайдаланылды.

Биыл маусым айында БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік материалдарға өңірлік конкурсы ұйымдастырылды. “Үздік телевизиялық жұмыс” аталымында “Qyzyljar” телеарнасының жүргізушісі Елена Горбань, “Үздік баспа басылымы” аталымында “Soltüstik Qazaqstan” газетінің бөлім меңгерушісі Әмір Есқали жеңімпаз атанды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті басшылығының қатысуымен брифингтер өткізіліп, “дөңгелек үстелдер” ұйымдастырылды. Облыстық “Қазақ тілі” қоғамы мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлеріне арнап патриоттық диктанттар жаздырды. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік” жобасы аясында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің офицері Е.Әубәкірованың “Ассамблея жастары” РҚБ белсенді еріктілерімен және “Қоғамдық келісім” КММ қызметкерлерімен кездесуі өте әсерлі өтті. Әділетті Қазақстан құру жолында Президент белгілеп берген саяси-экономикалық реформалар мен жаңару бағытын ұстана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды әрекеттер мен әділ шешімдерді жалғастыру алғы мақсат болып қала береді.

Асқар ХАБИБУЛИН,
облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

ҚАЗАН АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Биыл қазақстандықтар 25 қазан күні Республика күнін тойлайды. Айтулы мереке сәрсенбіге сәйкес келіп тұр, тиісінше сол күні демалыс деп жарияланды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Республика күні өткен жылы мерекелер тізіміне қайта енгізіліп, ұлттық мейрам дәрежесі берілген еді. Қазан айындағы барлық жұмыс және демалыс күндері: бес күндік жұмыс аптасында - 23, 24 қазан жұмыс күні, 25 қазан демалыс, 26, 27 қазан жұмыс күні; алты күндік жұмыс аптасында - 23, 24 қазан жұмыс күндері, 25 қазан демалыс, 26, 27, 28 қазан жұмыс күндері. Сонымен қазан айында қазақстандықтар барлығы 10 күн демалады. Күңтізбеге сәйкес 9 күн демалыс және 1 күн мереке. Айта кетейік, 1 қазан елімізде Халықаралық қарттар күні және Радио қызметкерлері күні, ал 5 қазан Ұстаздар күні болып бекітілген еді. Алайда, бұл мереке күндерінде демалыс жарияланбайды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы спортшыларды жүлделерімен құттықтады. Сондай-ақ жуырда Ризабек Айтмұхан еркін күрестен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы болғанын еске салды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Бәсеке өте жоғары болған Азиада ойындарында ел құрамасы 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль иеленді. Атлеттеріміз нысана көздеу, ескек есу, веложарыс, джиу-джитсу спортынан үздік шықты. Мемлекет басшысы қаратәден жалпы командалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, осы спорт түрінен Азиадаға қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетугіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Осы орайда Мемлекет басшысы спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті.

«Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азиада ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күресі дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына жүлде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында болатынын айтты. Жыл сайын спортты дамыту үшін қомақты қаржы бөлінеді. Алайда, Президенттің пікірінше, еліміздің кәсіби спорттағы көрсеткіштері аса жоғары деңгейде емес. «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондай-ақ Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдануға тиіс нақты шараларға тоқталды. Президенттің айтуынша, ең алдымен, кәсіби спорт түрлеріне бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлінген жөн. Өңірлердің ерекшеліктеріне сәйкес нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату қажет. Сонымен қатар бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қараған дұрыс. Президент спорт саласын басқару сапасын жақсартуды келесі басымдық ретінде атап өтті. «Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті (ҰОК) және федерациялар

арасында үйлесім жоқ. Спортты басқару институттарының қызметі мен өзара ықпалдастығына қатысты бүкіл жүйені қысқа мерзімде қайта қарау қажет. ҰОК-нің қызметін жетілдіру ісіне де назар аудару керек. Туризм және спорт министрлігі, ҰОК және федерациялардың жұмысын үйлестіруді түбегейлі жолға қою керек. Тиімді байланыстың, ықпалдастықтың және өзара жәрдемдесудің болмауы жақсы нәтижеге жеткізбейді, яғни, жеңіліске әкеп соқтырады. Париж Олимпиадасы қарсаңында мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын спорт федерацияларының қызметіне ревизия жасау қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент ұлттық құраманың дайындық деңгейін арттыру мәселесін негізгі міндеттің бірі ретінде атады.

Мемлекет басшысының пікірінше, атлеттеріміздің жоғары деңгейде дайындалуы үшін спорт медицинасы мен фармакология бағытындағы заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау маңызды. Бұл жерде Ұлттық спорт университеті негізгі рөл атқарады. Сондықтан оның құрылысын жылдамдату керек. Спорт саласында әлемдік деңгейдегі төрешілерді дайындауға күш салу қажет. Сондай-ақ жаттықтырушылар мен басқа да спорт мамандарының жалақысын көтеріп, қосымша әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаған жөн. Мемлекет басшысы спортшылардың резервін даярлау мәселесіне арнайы тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты. «Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің кез келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортта әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс», деді Президент. Жиынды 2023 жылғы XIX жазғы Азия ойындарының стэнд атудан екі дүркін жеңімпазы және қола жүлдегері Әсем Орынбай, каноэ және байдарка есуден XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы және күміс жүлдегері Сергей Емельянов, еркін күрестен әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан, қаратәден XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы Нұрқанат Әжіқанов, нысана көздеу спортынан ұлттық құраманың бас бапкері Ольга Довгун сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында өткен жарыстардағы олқылықтардан нақты сабақ алып, алдағы Париж Олимпиадасына тыңғылықты дайындалуға шақырды. Президент спортшыларға және бапкерлер корпусының жұмысына табыс тіледі. Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар спортшыға Қазақстан Республикасы Президентінің құрмет грамоталарын табыстады.

Аяна ТОҒАНБЕК.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ, ЕЛДІГІМІЗДІҢ КІЛТІ

Серікқали БАЙМЕНШЕ,
филология ғылымының докторы, Қазақстанның құрметті журналисі.

Тілден ешкім сырт тұра алмайды. Тілден тыс ештеңе болмайды. Тіл бізге де, сізге де қатысты. Тіл мәселесімен бәріміз айналысуымыз керек. Тілдің жайы – тіл маманының ғана міндеті деген қасаң көзқарас өзгеруге тиіс. Біз мұны барша жұрт лингвист болуы керек, бәріміз де Тілстанның тілшісіміз деп толықтыраар едік.

Қызмет бабына байланысты біраз ғұмыр-жылымыз орыстың ордасында өтті. Сонда байқағанымыз – Ресейде орыс тілі мәселесі жалғыз тіл төңірегіндегі мамандардың ғана ісі болып отырған жоқ. Бұған лауазымы мен мамандығына, жұмыс саласы мен қызметтік міндеттеріне, атағы мен даңқына қарамастан үлкен де, кіші де атсалысады. Жалпы әлемде, соның ішінде Ресеймен көршілес елдерде орыс тілінің қолданыс аясын кеңейте түсу бағытында жүйелі жұмыс бар. Орыс елінің мемлекеттік тілі жолындағы бүгінгі таңда ұстанып отырған бағыты біз үшін сабақ боларлық өнеге.

Мемлекеттік тіліміз – тәуелсіздігіміздің тірегі, елдігіміздің кілті. Қасиетті қазақ тілі – қазақтың тілі ғана емес, тұтас көп ұлтты Қазақстанның басты тілі, мемлекеттің тілі екені және белгілі. Өскелең ұлт болу мұраты – тілдің өрісін де сол жалпыұлттық дамудың деңгейінде ұстауға міндеттейді. Бүгінгі таңдағы тіл құбылыстары аясында кез келген алаш ұранды азамат Қазақстан деген жалғыз еліне болашақта қазақ тілі тірек бола ала ма деген ең басты мәңгілік сауалдың жауабын жұртшылықпен бірлесіп іздеп, осы жолда елмен бірге қимылдауы қажет. Бұл ең алдымен сөзстанымызға сергек қарау қажеттігін алға тартады. Өйткені қазір тілге де тілмаш керек болып тұрған заман.

Осы тараптағы ойымызды газеттің бұдан бұрынғы жариялануында ортаға салған едік («Үзіңкі ойдан сыр құрап...») // Ана тілі, 2022 жылғы 15 желтоқсан). Соның қисынды жалғасы іспетті мына жазбаға зер салып көріңіздер: XX ғасыр басында шыққан ескі сөздікке «торопиться» деген сөз қазақша «шұғыл-дануға», «асығуға» деп аударылған. Бүгінгі таңдағы сөздіктер бойынша «торопиться» – асығу, лепілдеу (Орысша

«спешить» мағынасында). Ал шұғылдану ше? Бұл орыс тіліне «заниматься», «работать», «занятие» болып аударылады. Шұғылданушыны – занимающийся деп орысшалаппыз.

Демек, шұғылдануды бір нәрсемен жай ғана айналысу деген тұрғыда түсінеміз. Шын мағынасына келгенде, ол – тездікті, қозғалысты, жылдамдықты білдіреді. Шұғылдану бір нәрсемен жай ғана айналысу емес; ол – нені болса да тез істеу, жылдам бітіру, асығыс айналысу, яғни – «торопиться» («Экстренные решения» – шұғыл шаралар болып аударылатынын еске алайық. Егер «экстренный»-дың қолданыстағы «жедеғабыл» деген бір нұсқасы бар екенін ескерсек, мұның «жедеғабыл шаралар» болуы нәм орынды көрінеді).

Сөз түбірі «шұғыл» екенін ұғынсақ, «шұғылданудың» шын сырын аша аламыз. Бірақ жайбарақат тірлікті суреттеген кезде қолданыла салатын «шұғылдану» сөзінің астарына үңіле қоймаймыз. Термин түзгенде бұл да бұрын ескерілмей келген, енді ескерілуге тиіс ерекшелік болғаны жөн.

Бүгінде «шұғыл» «срочно» сөзін бейнелейді. Бұдан басқа, осы тектес оперативный – жедел, скорая помощь – жедел жәрдем, скорый поезд – жүрдек пойыз деп орныққан қолданыстар бар.

Қазақ әдебиетінің классигі Бейімбет Майлиннің шығармаларында «шұғыл» сөзі шұғылдану тұлғасында келтіріледі, мазмұнынан жылдамдық сезіліп тұрады. Жазушы еңбектерінен біреу мысал келтірсек, мынаны көреміз: «...ертең бөліп алатын жерін ойлаумен шұғыл еді...» («Азамат Азаматтыч»); «...осы келе жатқанда оның нендей оймен шұғыл екенін де сезеді...» («Әміржанның әңгімесі»); «Оның ойы күндізгі оқиғаның анығын ашу, соған жауапты адамды табумен шұғыл еді...» («Қызыл жалау»); «Дәмежан кемпір шек-қарын аршумен шұғыл...» («Қоңсылар»); «Жас бала жігіт терлеп-тепшіп жазумен шұғыл...» («Бір түн»). Демек, «шұғылдану» деп жазғанда, оның арғы жағында тездік, жылдамдық тұратынын ескере жүрген жөн бола ма деп ойлаймыз.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Өткен сенбіде Қызылжар ауданының "Құлагер" ипподромында Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Рүстем Құрманов пен Қызылжар ауданының әкімі Жанат Сәдуақасовтың қатысуымен «Жүйрік маусымның жабылуы» атты спорттық жарыстар өтті.

Спорттық іс-шара басталар алдында қызылжарлықтар белсенді түрде сатып алған өнімдердің кең ассортименті бар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ұн, құс еті, сиыр еті, сүт өнімдері және барлығы арзан бағамен. Жарыс маусымының жабылуы облыстың түкпір-түкпірінен 300-ден астам көрермен жинады. Өңірде ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сегіз жүзден астам жасөспірім аудандардағы және Петропавл қаласындағы барлық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде қазақ күресімен айналысады. Кейінірек жарысқа қатысушылардың концерттік бағдарламасы мен ойын-сауық қойылымдары өтті. Келулер арасында ауданның шығармашылық ұжымдары қызылжарлықтар мен қонақтарға мерекелік нөмірлер сыйлады. Жарыс соңында жүлделі орындарға ие болған қатысушылар медальдармен және дипломдармен марапатталды.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢІЗ...

Моторсыз, аттың күшін пайдаланып жарыс жолына шығу жүректілер ісі деуге әбден болады. Атқа қонған шабандоздар жарысы біздің дәуірімізге дейінгі 648 жылғы өткен олимпиадалық ойындардан басталған деген деректер бар. Жарыс жолының жеңімпазы болған аттарға орнатылған ескерткіштерді кейбір мемлекеттерде көруге болады, себебі «ер қанаты - ат» деген аталы сөз бар ғой. Ат құлағында ойнайтын шабандоздар туралы алғаш еңбек жазған грек ғалымы Ксенофонт деген адам болыпты. Ол еңбектің аты «Гиппика және Гиппарх» деп аталған.

Қазіргі ат спортының негізгі үш бағыты бар, олар: атты билетіп өнер көрсету, атпен сауып бәйге алу, шабандоздық, кедергілерден атпен сауып өту. Бұл жарыстың соңғы түрін «конкур» деп атайды. Атпен билеп өнер көрсетуде спортшы өз атымен 12 минут уақытта 32 жаттығу көрсетуге міндетті. Ат спорты өнерінің бұл түрін олимпиада және дүниежүзінің чемпионы Елена Петушкова.

Конкур, яғни, атты кедергілерден секіріп өтіп өнер көрсету. Бұл жаттығу барысында өз атымен 700 метрлік аралыққа қойылған 1-1,5 метрлік 13 едергілерден өту керек. Бұл жаттығуға берілген мерзім 113 секунд. Ат спортының нәтижесі жарысқа қатынасушы спортшы мен аттың үлесі.

Жарыс жолына аттарды алдын-ала дайындау ісі XVIII ғасырдан бастап жүйелі жүргізіліп келеді. Бұл жұмыспен алғашқы айналысушылар Англия мемлекетінде пайда болды. Арнайы бұдандастыру арқылы алынған жаңа тұқым ат спортының негізгі тірегі болады.

Асылдандырылған жылқы тегінің өмірбаяны, ата-тегі арнайы құжатқа жазылып, атадан балаға қалдырылып отырады.

Ат спортының мамандары олимпиада спорт додасына 1900 жылдан бастап шығыпты. Ал спорттың бұл түрін халықаралық федерация тек 1921 жылы ғана өмірге келді, қазір бұл федерацияның 85-ке жуық мүше-мемлекеттері бар. Ресей мемлекетінің тарихында атпен өнер көрсету II Екатерина патша заманынан басталады.

ҚСРО-ға олимпиаданың бірінші наградасы 1960 жылғы XVIII олимпиадалық ойындарда қолға тиді. Сергей Филатов қазақ жерінде өскен Абсент атты тұлпармен өнер көрсеткен еді. Қазіргі кезеңде Абсенттің тұяғы алғашқы жерге тиген Жамбыл облысы жерінде оның тұқымдары өсіп келеді.

Ат спортымен әуестенушілерге айтылар негізгі үш аталы ескерту бар. Олар: «Дер кезінде шешімге кел! Кешікпе! Бұрыла біл!» Бұл - негізгі заң. Сондықтан да «қорқақ - хоккей ойнамайды» демекші, «тақымың бос болса, ерге отырма» демекпіз.

Әдебиет: Қобланов Ж.Н., Ысқақов Ж.Ж.
Спорт терминдерінің сөздігі мен тарихы.
Алматы, 2002. -281 б.

ЕРКІН КҮРЕСТЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Көкшетаудың дүйім жұрты қазақтың атын әйгілеп, еркін күрестен әлем чемпионы атанған жас балуан Ризабек Айтмұханды ерекше қошеметпен құшақ жая қарсы алды.



Бұл ақ түйенің қарны жарылып, бөркімізді аспанға лақтырған күн болды. «Достар» мәдениет үйінің алдында ине шаншар жер болмады. Елдің жасы да, кәрісі де, әкімі де, игі жақсысы да, батыр ұлына құрмет көрсетті.

Қазақы дәстүрмен астына сәйгүлік мінгізіп, үстіне шапан жапты. Аталарымыз батасын беріп, ағаларымыз ақжарма ақ тілектерін ақтарды. Қазақтың бағы асып, бақыты тасыған сол бір сәт жүректерге сыр тұндырды. Ризабек бауырымыздың ақтық сындағы белдесуі кезіндегі соңғы секундтары тоқтап қалғандай күйді «тақымын қысқан» қазағы бастан өткергені хақ.

...Жеңіс! Осы бір сөз Ұлы даланы әсерге бөлегендей еді. Әлемнің талай бозкілемінің шағын қағып, талай банадүр балуандардың жауырынын жерге жапсырған Қажымұқандай ұлы бабамыз қайтып оралғандай ма еді, шіркін. Жо-оқ, бұл Қажымұқан емес, Қызылтудың Айтмұханының немересі Ризабек еді.

Иә, Қызылту –киелі жер.Ағашы жоқ сайын дала болса да, сол жер төсі қаншама балуандардың боз кілемі болды. Атақты Ахметжан Қазымбетов дара шықты, осы киелі өңірден. Қазақты әлемге алғаш танытқан Қажымұқан бабамыз да Омбыға сапарында Қызылтудың басына ат шалдырып, кең қолтық қазақтың қонақжылығын сезініп, ары қарай әлемдік додаға жол тартады екен.

Міне, осы Қызылтудан Ахметжан ағамыздан кейін де қаншама мықты балуандар шықты. Қызылтудың балуандар мектебінің атағы қазақтың түкпір-түкпіріне тарады. Мен білетін Мөлгаждар Омаров, Марат Жармағамбетов, Бектай Хасенов, Бекім Жапаров және тағы басқа бапкерлердің алдын көрген шәкірттер Еуропаны да, Азияны да дүр сілкіндірді. Әттең, әлемдік додада бағымыз жанбады. Енді міне, сол биікті де Ризабек бауырымыз еңсеріп, елге алтын алқасымен оралды.

Қызылту мен Көкшетауды бір-бірінен бөліп қарау әсте мүмкін емес. Бүгінде Қызылту Солтүстік Қазақстанға қараса да, бір бүйірінде осы Көкшетау асқақтап тұрады. Бүгінгі батыр ұлын қарсы алған думанды той соның айғағы іспеттес.

«Достық» мәдениет сарайындағы шарада мен дарабоз ұлымызға өзімнің жазған «Арда ұлы Алаштың» деген кітабымды табыс еттім. Ол атақты балуан Ахметжан Қазымбетов жайлы сыр шертеді. Ең бастысы, балуан бауырымызға Олимп биігін бағындыр деген тілегімізді жолдадық. Қыран құста ылдифа ұя салмайды. Тек биікті аңсайды. Ризабек бауырым, сенің де жан-рухыңды асқақ асуларға жетелесін, еңсең езілмесін, абыройың асқақ болсын!

Көк түріктің тәңірісі – Күлтегін қағанның көк найзасындай жолындағыны түйреп өт, Кенесарының асқақ рухындай өр мінезді бол, сенің алар биігің Олимп шыңы екенін ұмыт па. Елдің де үміті осы. Саған сенеміз, сен біз үшін бүгінгің хас батырысың. Жортқанда жолың болсын, Ризабек!

Бақыт СМАҒҰЛ,
журналист, Көкшетау қаласы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ 10 жыл мерзімге мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан отыз күнтізбелік күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Өтінімдерді қабылдау күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылданады. Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206 (2-қабат) мекенжайы бойынша: 2023 жылдың 13 қарашасынан бастап

2023 жылдың 01 желтоқсанды қоса өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Қорытындыларды шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады. Конкурсның өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 197, 3-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Тайынша ауданы әкімдігінің ғимаратында 2023 жылдың 04 желтоқсанда 10 сағат 00 минутта конкурстың қорытындылары шығарылады.

Конкурстың шарттары :

ҚР Жер Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес, жер комиссиясы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсты өткізеді. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып,

өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстың ұсыныста болу керек:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын

өртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы, есептеулерде қателердің, құжаттардағы барлық қолдардың болуы тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ тұтастай ресімдеудің дұрыстығын тексереді, бизнес-жоспар бойынша, оның ішінде конкурстың ұсыныста көрсетілген инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру арқылы өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

Баллдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі: 1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі туралы, мың теңге:

1) суармалы егістікке:

50-ге дейін-1 балл;

50 – ден 70-ке дейін-5 балл;

70 – тен 90-ға дейін-10 балл;

90 – нан 110-ға дейін-15 балл;

110-20 балдан жоғары;

2) жайылымдық және шабындық жерлерге:

5 – 1 балға дейін;

5 – тен 10-ға дейін-5 балл;

10 – нан 20-ға дейін-10 балл;

20 – дан 30-ға дейін-15 балл;

30 – дан жоғары-20 балл.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстың ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі. (Көрсетілген 10 баллды беру үшін қатысушыларға растайтын құжаттарды ұсыну қажет).

Конкурстың ұсынысы, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы конкурстың ұсынымды беру жағдайларынан басқа, нөмірленген беттерімен тігілген түрде

«2023 жылдың 04 желтоқсанға дейін ашылмасын» жазбасы көрсетілген, жабық конвертке ұсынылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім талаптарға сәйкес келмесе, қабылдамай алып тастауға жатады.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Тайынша ауданы әкімінің www.tsh.sko.gov.kz «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ www.ozo-tsh.sko.gov.kz, сайтында немесе 8 (71536) 2-26-97, 2-21-85 тел. бойынша алуға болады.

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі						
Жер учаскелерінің сипаттамасы						
Алқаптардың құрамы (суарылмалы емес)	Бонитет баллы	Жалпы алаңы, га	Топырақтардың сапалық сипаттамасы	Орналасқан жеріе	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Сүмен қамтамасыз етілуі
№ 1 Лот						
Егістік-400 га, Табиғи жайылым. – 1 га, жолдар – 1 га	33	402	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 2 Лот						
Егістік – 416,8 га, жолдар – 0,9 га	24	417,7	Дала аймағы, топырақ түрі – – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 3 Лот						
Егістік – 232 га, Табиғи жайылым-0,8 га, жолдар – 1 га	31,3	232	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 4 Лот						
Егістік – 118,2 га, жолдар-0,4 га	31,6	118,6	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 5 Лот						
Егістік – 376 га, Табиғи жайылым-3 га, жолдар- 1 га	35,5	380	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 6 Лот						
Егістік – 374га, Табиғи жайылым-9 га, жолдар- 1 га	28,5	384	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 7 Лот						
Егістік -392,4 га, жолдар – 0,9 га	20,6	393,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 8 Лот						
Егістік – 72га, Табиғи жайылым-0,8 га	27,2	72,8	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 9 Лот						
Егістік – 73га, Табиғи жайылым-0,9 га	30,7	73,9	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ

№ 10 Лот						
Егістік-19,3	26,2	19,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
Лот № 11						
Егістік. – 27 га, жақсартылған жайылым. – 6 га, жолдар – 0,1 га	22,3	33,1	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 12 Лот						
Егістік-41 га, жолдар – 0,3 га,	32,2	41,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 13 Лот						
Егістік-37,7	42,3	37,7	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 14 Лот						
Егістік-95 га	35,8	95	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 15 Лот						
Егістік-99га, Табиғи шабындық-4 га, жолдар – 0,5 га	54,4	103,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 16 Лот						
Егістік-44 га, Табиғи жайылым. – 58га, жолдар – 1 га, өзге-2 га	35,3	105	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Бар
№ 17 Лот						
Егістік-58 га, Табиғи жайылым – 2 га,	55,6	28,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 18 Лот						
Егістік– 37 га, Табиғи жайылым. – 2,6 га,	40,7	39,6	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Миронов ауылдық округі		Жоқ
№ 19 Лот						
Егістік-19 га, Табиғи жайылым. – 10 га,	45	29	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Большеизюм ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ

***Адам. Қоғам. Дін**

СӨЗ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН АДАМ ӨЗ ҚАДІРІН БІЛМЕЙДІ...

Адамның қоғамда өз орнын табуында, көпшілік құрметі мен сеніміне ие болуында, кемел ғұмыр кешуінде орнымен, дәмді, дәйекті сөйлей білу, тауып айтатын тапқырлығы үлкен рөл атқарады. Өйткені ақылы кемел, кісілігі зор, білімі мол, адам ғана солай сөйлей алады. Ондай дәмді, қисынды, қысқа қайыратын қызықты, айшықты да әділ сөзді халық ұйып тыңдап тұра сөз құдайы сөз деп тоқтаған. «Өнер алды – қызыл тіл», «Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады» деп тілді аспандата дәріптесе, енді бірде – «Басқа пәле – тілден», «Көнектей басыңа шүмектей тілің жау», «Айтылған сөз – атылған оқ», деп тірнектеп жиған абырой-беделінді орынсыз айтылған сөздің айрандай қылып төгіп жіберетінін де айтқан. «Сөз қадірін білмеген – өз қадірін білмейді» деген халық «Құлаққа кірген суық сөз, көңілге барып мұз болар», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп, сөз семсерін оңды-солды серпи берудің көңіл жаралайтынын, сондықтан, әрбір сөзге абай болуды меңзейді, сөзбен жұбатұға да, жылатуға да болады. Жаратушы Иеміз Алла Тағала адам баласын сансыз нығметтерге бөлеген. қасиетті Құран Кәрімде:

«Егер Алланың нығметін санайтын болсаңдар санына әсте жете алмайсыңдар», дейді. Сол сансыз ұлы нығметтердің бірі – сөйлеу нығметі. Сөйлей алу ұлы нығмет болса, тіл оның құралы.

Шындығында сөйлей алу, көкейіндегі бүткіл сезімдер мен ойыңды екінші бір адамға жеткізу, Алланың адам баласына берген шексіз нығметтерің бір ғана көрінісі. Алла Тағала осы тілмен пайғамбарларды жіберіп, осы тілмен дінді жеткізген, осы тілмен біз иманға келеміз. Құран Кәрімде:

«Біз әр пайғамбардың қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік», – дейді.

Тіл Алла Тағаланың ерекше жаратылысы екені жайында:

«Біз оған (көрсін деп) екі бірдей көз бермедік пе? (сөйлесін деп) бір тіл, қос ерін (бермедік пе)?», – дейді.

Тіл адамды басқа жаратылыстардан ерекшелетін негізгі белгі. Адамның ең басты ерекшелігінің бірі, төлқұжаты. Бұл жайында қасиетті Құранда:

«Рахман, (Алла)! (Адамдар мен жындарға) Құранды үйретті. Адамды (жоқтан) жаратты. Оған сөйлеуді үйретті», – деп келеді.

Бұл дүниеде біз тілге үкім етіп, иелік етсек қияметте ол біздің иелігімізден сусып шығып, Алланың әмірімен ғана сөйлейді. Бұл дүниедегі жаман-жақсы сөздерімізді жіпке тізгендей етіп, алдымыздан шығарады, солайша біздің барар мәңгі мекенімізді айқындайды. Бұған қатысты аятта:

«Қиямет күні олардың тілдері нәм қол-аяқтары дүниеде не істеп не қойғанын жіпке тізгендей етіп айтып беріп, өздеріне қарсы куә болады», – делінген. Адам баласы үшін тілдің өткірлігін жете түсінген бабаларымыз: **«Ащы тілдің захары жылан уынанда күшті», «Адамды төрге де, көрге де сүйрейтін сол байлаусыз тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Он күннің тоғызы тілден екен»** – деп, бекер айтпаса керек.

Айтылған сөз атылған оқ демекші айтқан сөзіңді қайтарып ала алмайсыз. Отыз тістен шыққан сөз, отыз елге әп-сәтте-ақ тарап кетеді. Сол себепті тілін құрықтай білген, оған иелік еткен адам бұл өмірдің ұятынан, ақыреттің азабынан құтылары хақ.

Сөйлеу барысында мұсылман адам келесі нұсқауларды ескергені абзал:

Бірінші: Сөздің ең жақсысын таңдау
Адамдармен сөйлескенде сөздің ең жақсысын таңдап, әсемдеп айтуың Алланың құзырында садақа бергенмен бірдей. Сол себепті екінші адамға айтар сөзіңді сыйлық ретінде сана. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

«Тозақ отынан жарты құрма болсын садақа беріп сақтаныңдар, ол болмаса, жақсы сөз айтыңдар» – деген болатын.

Екінші: Сөздердің анық, ұғынықты шығуы.

Сөйлеу барысында асықпай, аптықпай ойдың екінші адамға анық жетуі – сөйлеу әдебінен. Айтқан сөзің екінші адамға ой салатындай мағыналы да болуы қажет. Айша анамыздан жеткен риуаятта Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөйлеу мәнері жайында былай деген:

«Алланың Елшісі сөйлегенде сендер секілді сөйлемейтін, соңынан қайталаған адам жатап алатындай (сөзі ұғынықты, мағыналы) еді».

Үшінші: Тыңдаушының деңгейіне сай сөйлеу.

Адам екінші бір адамға жауап бермес бұрын оның ойлау деңгейін, жасын, білімін, көңіл күйін,

оған қатысты ұстанымын ескеруі тиіс. Бұл жайында Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«Адамдармен ақыл деңгейлеріне сай сөйлеуге әмір етілдік».

Төртінші: Айтылар мәліметтің дұрыстығына көз жеткізу.

Айтылар сөзі болжамға, негіз артпайды. Мұсылман алып-қашпа әңгімелерден, дұрыстығында күмән туғызатын мәліметтерден аулақ болған жөн. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде қоғам алдында пасықтығымен танымал болған адамдардың жеткізген хабарына мұқият болу керетігі жайында:

«Әй мүміндер! Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер».

Бесінші әділетті халифа деген атпен танымал Омар ибн Абдулазизге бір кісі келіп, әлде бір адам жөнінде жаман сөздерді айта бастайды. Сонда Омар: **«Бұл айтқан сөздеріңді тексеріп көрелік. Егер өтірік айтқан болсаң: «Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар», – деген аятта айтылғанындай пасық адам болғаның, Егер сөзің рас болса: «Өте айыптағыш, әсем тасығышқа да (бой ұсынба)», – делінген адамдардансың. Ал егер сөзіңді қайтарып алдым десең, айтқаныңа кешіріммен қарауға әзірміз»,** – дейді. Сонда әлгі кісі: **«Мені кешіріңіз мүміндердің әміршісі! Енді бұндай іске бармаймын»** – дейді.

Бесінші: Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

Алла жолына шақыру, жақсылыққа үндеу, ілім беру секілді игі амалдардан өзге жағдайларда адам көп сөзден қашық болғаны жөн. Сөз көбейген кезде мейлі ол інжу-мәржанмен көмкерілсе де оның қадірі кетеді, көп сөзде өтіріктің орын алуы ықтимал. Ас тілді үйірлерлік дәмді болса да шамадан тыс асыра желінсе, дәмі кетеді. Сол секілді сөз де көбейсе берекесі жойылады. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде көп сөйлеуден қашық болу керектігі жайында:

«Ақиқатында мүміндер тілегеніне жетті, олар намаздарында именіп тұратындар. Олар бос сөздер мен ойын сауықтан аулақ», – деп мұсылман адамның бос сөзден аулақ болатынын меңзейді.

Алтыншы: Айтар сөзді ой елегінен өткізу.

Айтқан сөзің біреуге тікен болып қадалмау керек. Екінші бір адамның арына, намысына, рухани жарасын ашатын сөздерден аулақ болғаныңыз абзал. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл жайында:

«Мұсылман басқа бір мұсылманға қолымен тілімен зиян келтірмеген», – деген.

Жетінші: Мәжілістері ізеттілік.

Отырыста сенен жасы үлкен, ілімді, құрметті адам отырса, рұқсатпен сөйлегенің дұрыс болады. Ондай адамдар сөйлеген кезде сөзін бөлу, немқұрайлық таныту әдепсіз амалдардан. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) үлкендерді құрметтеу тұрасында:

«Кішілерімізге мейірімді болмаған, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген адам бізден емес», – дейді. **Қазақ нақылдарында бұл тұрасында: «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без»,** – деген.

Сегізінші: Сөйлегенде күлімдеу.

Күлімдеудің сиқырлы күші бар. Күлімдеу – адам баласына материалдық та физикалық та қиындығы жоқ дүние. Күлімдеу – ішкі дүниеміздің сыртқа көрініс беруі. Күлімдеп жүрген адам ешқандай шығынға ұшырамайды. Күлімдеу аз ғана уақытты алады, бірақ кейде мәңгілікке есте қалуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): **«Дін бауырыңның жүзіне күлімсіреуің, сен үшін садақа»,** – деген хадисі бар.

Тоғызыншы: Тілдің тазалығы.

Тіл арқылы адам иманға келіп, кәлімә шәһәдәт айтып, мұсылман болса, сол тіл арқылы оның ластығы себепті күнәға батады. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде:

«Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірген болса, онда қайырылы сөз айтсын яки үндемесін», – деген. Сол себепті әр мұсылман екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоя білген абзал. Өйткені, адамның сөйлеу мәнері оның қаншалықты мәдениетті адам екенін көрсетеді.

«Нәхл» сүресі, 18-аят. «Ибраһим» сүресі, 4-аят

«Бәләд» сүресі, 8-9 аяттар.

«Рахман» сүресі, 1-4 аяттар. «Нұр» сүресі, 24-аят

Бұхари хадистер жинағы

«Қалам» сүресі, 11-аят; Доктур Мухаммад Мансур, «Әл-мухтасару әл-муфиду фи тәрбияти ән-нафс», 27-бет; Мүминун сүресі, 1-3 аяттар.

ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Қоғамдағы жастардың алатын орны ерекше екені белгілі. Себебі жастар – әрбір елдің мәдени, рухани және саяси өміріне белсенді атсалысатын әлеуметтік-демографиялық топ. Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Бүгінгі жастың ертеңгі ел ағасы болатынын естен шығармаған аға буын өкілдері тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген. С.Сейфуллин қалдырған «Келіншектің бесік жыры» нұсқасында көрсетілгендей: «Жақсы болып ержетсе, Балапаны бөпесі, Бағы ашылып, анасы,

Көкке тиер төбесі.... деп жырлаған ана сәбиінің болашақта жақсы адам болатынына сеніммен қараған.

Бала күнінен бастап ұлттың дәстүрлі құндылықтары бойына сіңіріп, халық ауыз әдебиеті жауһарларына қанығып өскен бала ержеткенде ұлттың алдындағы жауапкершілікті сезінетін, еліне тұтқа болатын тұлғаға айналады.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы жастар тәрбиесі мәселесінде ұрпақ сабақтастығының әлсірегені байқалады. Атасы мен әжесінің құшағында емес, ғаламтордың шырмауында өскен келінгі жас буын өкілдері әлеуметтік желінің кесірінен ұлт табиғатына жат мәдениетті санасына сіңіріп, түрлі ағымдар мен субмәдениеттер өкілдерін пір тұтып өсіп келе жатқаны жасырын емес. Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер бүгінде үйреншікті нәрсеге айналуда. Осыған орай, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Қоғамдағы жастар тәрбиесі – мемлекет деңгейіндегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі мемлекеттің жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі екені белгілі. Жастарды рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен Мемлекеттік жастар саясаты жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен ғана шектелмей, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар мәдени, имандылық және рухани құндылықтар, сондай-ақ ұрпақ сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы қағидадарына негізделген. Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі тарихымыздың тереңінен бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Тек сонда ғана ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз.

Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек.

Егер біз тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз баянды болсын десек, «өркениеттер қақтығысында» жұтылып кетпей, өзіндік бірегейлігімізді сақтап қаламыз десек, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын туғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет.

Себебі бүгінде ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде. Ал жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады. Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспеуін көрсетеді. Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы үшін тек білімді жастарды өсіру аздық етеді, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығарғанда ғана Қазақ елі ғасырлар белесінен сүрінбей өтетіні хақ. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін ұмытпайық!

РУХАНИ БОЛМЫСЫМЫЗДЫ ЖОҒАЛТПАЙЫҚ!

Халық арасындағы «Отан отбасынан басталады» деген қағидаға айналған сөз қай кезде болсын өзгерген емес, өзгермеке те емес. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындықтан, оған немқұрайлылық таныту мүмкін емес.

Қазақта «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді. Отбасылық құндылықтарының мәуелі бәйтерегі ол ана. Ана өз ұрпағына дұрыс жолды меңзеп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге, рухани бай болуымызға, халық үшін жанымызды пиде етуге септігін тигізеді. Ананы әр үйдің шамшырағы, жанған бағы, құндылықтардың негізін салушы деуге болады. Анадан алынған тәлім-тәрбие өмір бойына созылады, оның бітіп қалатын тарифі жоқ. Жанұядағы ана орны ерекше болып қалмақ: “Ол алғашқы күннен бастап, басты борышын, яғни тәрбие жұмысын атқарады”. Бойларымызға жақсылықты дарытқан, мәрдымды істер жасауға дағдыландырып барша аналарға мыңалғыс! Шаңыраққұндылықтарыныңекінші бір сатысы жақындарымен жалғасын табады. Мәселен, жанұядағы ата мен әженің рөлі де айрықша. Олардың дүниеге деген көзқарастары мен өзіндік талғамдары жасы кіші балаға өнеге болары анық. Кішкентай кезінде атасының, не болмаса әжесінің айтқандарына құлақ түретін ұрпақ болса, оның арты тек жақсылыққа әкеледі. Тәлім-тәрбиенің негізі ата-анадан кейін қастарындағы жақын адамдардан үлгі алу арқылы қалыптасады, өзіндік жеке ұстанымдарды дамытуға септігін тигізеді. Сол бір сәтте баланың жанына демеу бола тұрып, оған тәрбиенің дұрыс берілуін қадағалау маңызды рөл атқарады. Ұлы Абай атамиз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі - ата-анадан, екіншісі - ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ. Әр жылы тұрақты түрде өткізіліп тұратын «Мерейлі Отбасы» байқауында еліміздегі ең үлгілі саналатын отбасылардың тағылымға толы өмірлері насихатталып, түрлі аулты марапатқа ие болуы да, елімізде дәстүрге айналып кетті. Әлбетте, отбасылық саясаттан бөлек, араша тұрған отбасылық құндылықтарды да ұмытуға болмайды. Ол халқымыздың тарихымен бірге сабақтасып келе жатқан отбасылық дәстүрлер, этикасы мен мәдениеті болып табылады. Отбасының қалыптасып, дамуына қоғамның қалыптасуының рөлі айрықша маңызды саналады. Отбасы құндылықтарына негізделген салт-дәстүрлерді ұлықтау - әр шаңырақтың өзіндік міндеті болып саналады. Кез келген отбасы өзгелерден ерекшеленетін құндылықтары болады. Олар бұрыннан келе жатқандар немесе жаңадан пайда болғандар да болуы мүмкін. Алайда, отбасыдағы құндылықтардың негізі махаббаттан, сенімнен, өзара түсіністіктен бастау алып, алдағы өмірде де жалғасын табады десем, жаңылысқандық болмас. Өйткені, олар ғасырлар бойына маңызын жоймайтын құндылықтар. Осы бір құндылықтарды әрбір отбасы көздерінің қарашығындай сақтап, қастерлеп жүретін болса, нұр үстіне нұр болар еді. Кейінгі ұрпақ тәрбиесінде де орасан зор рөлді иемденетіні сөзсіз. Кез келген бүлдіршін - ата-анасынан, туыстарынан және жақын адамдарынан үлгі алып жүреді. Сол себепті, ертеңгі өмірдің болашағы, яғни жас балаға тәрбиенің мәнділігін, оның қаншалықты маңызды екендігін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Ғасырдан ғасырға, жылдан жылға дәстүр болып жалғасын тауып келе жатқан отбасы құндылықтарының мәнін кетірмей, керісінше өркендеп, алға басыуына септігімізді тигізейік. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп, оларға кір келтірмей жүру - барша халықтың басты парызы. «Мерейлі Отбасы» байқауына қатысуға асығыңыздар. Кез - келген отбасы бұл байқаудың жеңімпазы болуға лайықсыздар!

Отбасы - адамзаттың алтын діңгегі іспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі ешбір күшпен салыстыруға болмас. Жастарды ұлттық нышандағы құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы - жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдырмай, жаңғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайық, ағайын!

ОТБАСЫ - ЖҮРЕГІМІЗГЕ ЕҢ ЖАҚЫН СӨЗ

Үлгілі отбасын құрып, адал ұрпақ өсіру – кімнің де болса, ең бірінші алға қойған үлкен мақсаты әрі асыл арманы болса керек. Жастайынан кері идеологияның ықпалына ұшыраған не психологиялық өзгешелігі бар адам болмаса, дені осы пікірді жақтайтыны анық. Отбасы қандай тарихи типке жатпасын, оның негізгі қызметі бір деуге болады. Ол ең кіші бірлестік ретінде көптеген әлеуметтік функцияларды іске асырады. Ең алдымен отбасының репродуктивтік, яғни ұрпақ өсіру арқылы қоғамды қалпына келтіру қызметі бар. Одан соң өндіру мен тұтынуға негізделген экономикалық және отбасы мүшелерінің денсаулығын, материалдық игіліктермен қамтамасыз етілуін, қауіп-қатерден аман болуын, тиісті қамқорлық жасалуын қамтамасыз ететін қорғаныс функциясы бар. Одан өзге балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырып, қоғамдық тәртіпке, жақсы мінез-құлыққа баулитын әлеуметтендіру функциясының орны тіптен бөлек. Тағы бір маңызды шарт ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сүюі мен құрметтеуіне негізделген эмоциялық қызметінің де рөлі зор. Осы секілді функцияларды жүзеге асырғанда ғана нағыз толыққанды отбасының іргесі қаланбақ. Ал оның біреуі кемісе ондай отбасының қоғам үшін де, мемлекет үшін де, тіптен болашақ үшін де зардабы мол.

ӘКЕ РӨЛІ НЕГЕ ТӨМЕНДЕДІ?

Отбасы және оның ішкі мәні мен маңызы туралы ғұламалардың жазған еңбектері өте көп. Ол еңбектер ғылым мен білімде, өнер мен мәдениетте, руханият пен әдебиетте өз орнын тауып, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар сілтеп келеді. Алдағы болашақта да мұндай еңбектер жазыла бермек. Алайда сол данышпан ғұламалардың өзін жүз ойландырып, мың толғандырған, сосын жалпы қоғамның толғақты мәселесіне айналған отбасы ұғымын біздер қаншалықты қадірлеп жүрміз?! Әрине, келісеміз. Сіз де отбасыңыз үшін түн ұйқыңызды төрт бөліп, жан жарыңыз бен бала-шағаңыздың қамы деп басыңызды тауға да, тасқа да ұрып жүрсіз. Олардың жақсы өмір сүріп, ішкені алдында, ішпегені артында болатын бақұатты тұрмысқа жетуіне барыңызды салдыңыз. Ол үшін ақылыңыз бен сабырыңызды, күшіңіз бен жігеріңізді ешқашан аяған жоқсыз. Десе де, осының өзі жеткілікті деп айта алмасыңыз анық. Жалпы, отбасы әке мен ана және бала арасындағы өзара қатынасқа құрылады. Әрине, туысқандықты жоғары бағалайтын қазақ халқында отбасылардың өте үлкен болатыны түсінікті. Алайда біз отбасылық қатынасты осы үш тараптың арасында талдағанды жөн көрдік. Біздің отбасымызда патриархалды қатынастарға негізделгендіктен үйде әкенің рөлі қашанда жоғары. Ол – отбасының асыраушысы, қорғаны әрі иесі. Дегенмен бүгінде көптеген отбасыларда «отағасы» деген атқа лайық ер азаматтар азайған, үйдегі әкенің рөлі төмендеген. Оған себептер көп.

Ең әуелі бұрынғы қазақ қоғамында қалыптасқан әкелер институтының сабақтастығы үзілген. Кезінде ес білген ер баланы атқа мінгізіп, ел аралатып, жер көрсететін. Ол аузы дуалы ақсақалдардан бата алып, ер болудың, отан қорғаудың қасиетті парызы екенін түсінетін. Сондықтан жауына қаңарлы, досына адал, жақындарына мейірімді нағыз еркек болуды меңгеретін. Ал бүгінгі күні барлығы тіршіліктің қамытын киген соң, жан бағудың қамымен жүріп, алыстағы ақсақалдан бата алу түгілі, жақындағы туысымен араласпайтын отбасылар көп. Ал жер көріп, ел танымаған өрісі тар ұлдың болашағы қандай боларын болжау қиын. Мұндайда қазақтың «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» деген аталы сөзі ойыңа еріксіз оралады.

Екіншіден, отбасына уақытын аз бөлу. Шыныңызды айтыңызшы, сіз отбасыңызбен күнделікті қанша уақыт бірге боласыз? Соңғы рет отбасыңызбен демалыс орындарына, саябаққа, киноға қашан бардыңыз? Балаңызбен соңғы рет қашан сөйлестіңіз? Уақытыңызды тапшы екені де рас. Отбасыңызды материалдық қамтамасыз ету үшін тынбай жұмыс істеуіңіз керек. Бірақ отбасы үшін материалдық игіліктен де бөлек құндылықтар бар ғой. Отбасыңыз сіздің әрқашан олардың жанында болатыныңызды және өздерін қатты жақсы көретініңізді сезінуі сіз үшін ақшаға сатып ала алмас теңдессіз қымбат қазына емес пе?! Әрі олардың алдындағы абыройыңыз күннен күнге биіктейді.

Үшіншіден, қиын да болса мойындауға тиіс себеп – әкенің отбасындағы орнын оның табысы анықтайтындығы. «Әйелінің тапқанын жеген еркектің басы күнде маңдайшаға тиеді» деген сөз бар. Мұндайда еркектің отбасын асырау қызметі әйеліне ауысқан соң, оған да еркекпен тән мінез пайда болатыны ақиқат. Яғни әйелге тән нәзіктік келмеске кетті деген сөз. Енді ер мен әйелдің орны ауысқан соң баланың санасындағы әкенің абыройы да аяқасты болады. Осылайша отбасында бір-біріне кері пропорционалды жағдай пайда болады. Ең жаманы отбасындағы мұндай олқылық тек өздерімен кетпейді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішердің» ауылы алыстап, керісінше үйдегі көріп өскен тәрбиесіне қарай дөрекі қыз, ынжық ұлдардың пайда болуына жол ашады. Ал оларды көрген келесі ұрпақ



тағы сол жүлгені қуалайды. Осылайша мәңгі бақи жалғаса бермек.

ӘЙЕЛ «БОСТАНДЫҒЫНЫҢ» СЫРЫ

Еркек үйдің егесі болғанда, әйел үйдің шегесі іспетті. Отбасын жылу мен мейірге бөлейтін, оның тыныштығы мен берекесін сақтайтын да – осылар. Діни түсінік бойынша қисық қабырғадан жаратылғанын ескеріп, еркекке жол берсе де, Құдайғағала еркектің маңдайына жазбаған нығметтерді аямай берген. Солардың ішіндегі ең ұлы нығметі – бала туып, ана болу бақытын бұйырғаны. Күйеуінің сырттан тауып әкелген дүниесін шашау шығармай, бірін екі қылатын берекелі алақан да әйелдердің еншісінде. Баланы туып қана қоймай, ақ сүтімен асырау, олардың үйдегі жағдайын жасап, тәрбиесімен айналысу да – әйел затының қасиетті борышы. Тіптен баланың санасындағы әке бейнесін аспанмен теңестіріп биіктету де, керісінше жерге көміп қор ету де әйелдің саналығымен байланысты. Шыны керек, дәстүрлі отбасында еркек әйелден бір саты жоғары тұратыны рас. Бірақ солай екен деп қазақ қоғамындағы әйелдердің орны төмен болған екен ғой деген түсінік қалыптаспауы керек. Егер қазақ қоғамында әйелдердің рөлі тым төмен болғанда атақты батыр Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабында айтатын бүкіл ауылды бір шыбықпен айдайтын Қызтумас әжесі, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы талайды көрген офицер Қасымбекті генаралдың алдында тұрғандай жүрегін дүрсілдеткен Қамқа кемпір секілді образдар қайдан келді?! Ал әдеби образдың өзі өмірден алынатынын жақсы білеміз. Дегенмен сол әжелеріміз де қаншалықты сұсты болғанымен, әйелге тән әдептен аттап көрген емес. Десе де, бүгінгі демократиялық қоғамның әсерімен еркек пен әйелдің теңесуі арқасында кейбір отбасылық құндылықтарға нұқсан келіп жатқаны өтірік емес. Әрине, қандай ірі жетістікке жетсе де, өзінің нәзікжанды екенін ұмытпай, отбасы құндылығын бәрінен жоғары қоятын әйелдер өте көп. Дегенмен, сол «бостандықты» бұрыс түсініп жатқандардың да қатары аз емес екені анық.

Мейлі, қандай мектеп не университет болсын, ата-ана тәрбиесінің орнын алмастыра алмайтыны шындық. Әсіресе, ана тәрбиесінің орны бөлек. Әжесінің қамқорлығын, анасының мейірімін толық сезінген бала ғана айналасына тек жақсылық бағыштай алмақ. Бастысы, отбасында әрбірі өз орнын біліп, өзіне тән функциясын іске асырса ғана болғаны.

Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Алаш дүние есігін ашқанымызда қым-қиғаш өмірдің салқынын сездірмей, аялы алақан мен мейірімді жүректің шуағына бөлейтін де осы жер. Осында қабырғамыз қатайып, буынымыз бекиді. Ата-анамыздың қамқорлығы мен тәрбиесінің арқасында өмірдің қатал заңына қарсы тұрудың да қыр-сырын меңгереміз. Әйтеуір, отбасының тыныштығы мен жарасымы алдағы өміріміздің көрсеткіші іспеттес. Отбасы балғын балалық шағымызда еркелімізді көтеріп, барша қауіп пен қатерден қорғайтын, оның үстіне бар жағдайымызды жасайтын асыраушымыз болса, ержеткенде қуанғанда бөлісіп, қиналғанда дем беретін, адал ақылшылды әрі жақын досымызға айналады. Ал қартайғанда еткен еңбегіміз бен төккен теріміздің қайтарымы ретінде қамқоршымыз болмақ. Демек, адамның жер басып өмір сүруі, қоғаммен араласуы, еңбек етуі, нығметке бөленуі тікелей отбасымен байланысты. Өйткені біздің қандай адам болмағымыз, яки қандай жағымды не жағымсыз мінездерге ие болуымыз немесе өмірдің қатал сынында сыр бермей, сыбағамызды ала алуымызды да түпкі мәні отбасыға келіп тіреледі. Осылайша "Барлығымыздың көкейімізде қат-қабат мән арқалаған осы бірауыз сөздің астарында не жатыр? Онымен біздің байланысымыз қандай? Отбасының негізгі ерекшелігі қайсы?" деген сансыз сұрақ туындайды. Себебі ол – біздің өткеніміз, бүгінгіміз әрі болашағымыз. Сондықтан отбасының мәнін түсініп, тереңіне бойлау баршамыздың азаматтық парызымыз болмақ.

Нұрсерік ТІЛЕУҚАБЫЛ,
қоғам қайраткері, журналист.



• **Мұны білген жөн!**

ҚАЗАҚТЫҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫ

Адамның жасына байланысты атаулар

- 1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе, ұл бала – бөбек
- 2 жастан 3 жасқа дейін – бүлдіршін
- 3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған
- 6 жастан 7 жасқа дейін – сәби
- 8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы
- 13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала
- 16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала
- 20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт
- 30 бен 40 жас аралығы – дүр жігіт
- 40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі
- 50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы
- 70 пен 80 жас аралығы – ақсақал
- 80 жастан жоғары – шал, қарт, қария

Мүшел жас

- 1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)
- 2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)
- 3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)
- 4-мүшел – 49 жас (орта жас)
- 5-мүшел – 61 жас (орта жас)
- 6-мүшел – 73 жас (қарттық)
- 7-мүшел – 85 жас (кәрілік)
- 8-мүшел – 97 жас (қалжырау)
- 9-мүшел – 109 жас (шөпшек сую)
- 10-мүшел – 121 жас (немене сую)

Ер адамның өз жұртының атаулары

- Ата – әкенің әкесі, бергі ата
- Арғы ата – атаның әкесі
- Әже – әкенің шешесі, үлкен әже
- Әке – өзінің туған әкесі
- Апа – өзінің туған шешесі (анасы)
- Әпке – өзінен жасы үлкен қыз (әйел)
- Қарындас – өзінен жолы кіші қыз (әйел)
- Аға – өзінен үлкен ұл бала
- Іні – өзінен кейінгі ұл бала
- Ағайын – бауырлас, аталас адамдар
- Баба – арғы ата, үлкен ата
- Жеңге – ағаның әйелі
- Келін – інінің әйелі
- Жиен – күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала
- Жиеншар – жиеннен туған бала
- Жезде – әкесінің күйеуі
- Күйеу – қарындасының күйеуі
- Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы
- Шөбере – немереден туған бала
- Шөпшек – шөбереден туған бала
- Немене – шөпшектен туған бала
- Туажат – неменеден туған бала
- Жүрежат – туажаттан туған бала
- Жегжат – жүрежаттан туған бала

Ер адамның нағашы жұртының атаулары

- Нағашы ата – шешенің әкесі
- Нағашы әже – шешенің шешесі
- Нағашы аға – шешенің аға-інілері
- Нағашы апа – шешенің апа-сіңлілері
- Нағашы іні – шешенің бауырларынан туған жасы кіші бала
- Нағашы қарындас – шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз
- Нағашы жеңге – шешенің апа-сіңлілері күйеуі
- Бөле – шешенің апасы не сіңдісінің ұл-қыздары

Ер адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – әйелінің әкесі
- Қайын ене – әйелінің шешесі
- Қайын аға – әйелінің ағасы
- Қайын бике – әйелінің әпкесі
- Қайын іні – әйелінің інісі
- Балдыз – әйелінің сіңлісі
- Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңдісінің күйеуі

Әйел адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – күйеуінің атасы
- Қайын ене – күйеуінің шешесі
- Қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары)
- Қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері)
- Қайын іні – күйеуінің інісі (жақын інілері)
- Қайын сіңлі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары)
- Абысын – қайын ағасының әйелі
- Ажын – қайын інісінің әйелі
- Жезде – қайын бикесінің күйеуі
- Күйеу – күйеуінің қарындасының жұбайы

ЕЖЕЛДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН САЛТ-ДӘСТҮР – БАТА БЕРУ

Балаларға арналған бата. «Қазақ халқында сәби жаңадан дүние есігін ашқан сәтте ұзақ жасап келе жатқан қариялардан бата сұрайтын болған. Сондай-ақ, ата-аналар ұлдары ат жалын тартып мініп, қыздары іс тігуге жарап қалғанда өздері ұнатқан адамдардан бата сұрайтын болған. Мысал: Өмір-жасы ұзақ болсын, Маңайы аққан бұлақ болсын, Әр күні қызық, шуақ болсын, Жер-ана жайлы тұрақ болсын, Жомарттың қолын берсін, Жортқыштың жолын берсін, Қыздың қылығын берсін, Судың тұнығын берсін, Даланың кеңдігін берсін, Батырдың ерлігін берсін, Ақынның өрлігін берсін!».

Той батасы. Бұл бата түрі екі түрлі жағдайда айтылады. Біріншісі – той иелеріне бата беру мақсатында, екіншісі осы тойға арналған малды соятын кезде. Мысал: «Той тойға ұлассын, Тойдан кенде қылмасын! Өлең-жыр боп күндіз-түн, Ауыл-аймақ жырғасын! Құтты болып қуаныш, Еш жамандық болмасын! Қызыр дарып, бақ қонып, Құдай өзі қолдасын! Болсын тойың торқалы, Қуандырсын баршаны. Қарық болсын кәрі-жас, Өлең айтып, ән салып! Көрген досың сүйінсін, Көре алмаған күйінсін! Берекелі тойыңа, Игі жақсы жиылсын! Аллаһуакбар!».

Наурыз батасы. «Халық мерекеде қыдырып, үйді-үйге барып көже ішіп жүргенде берілетін бата түрі. Аты айтып тұрғанда көбінесе Наурыз мерекесі кезінде беріледі. Әдетте бұл батаның мәтінінде "Жасыңыз ұзақ болсын! Көктем көңілді, ұрпақтар өмірлі болсын! Ұлыс береке берсін, пәле жала жерге енсін" сынды тармақтар болады. Әумин! — бата берейін, Жақсылықты терейін. Жаңа жылда жараңдар Үстем болсын мерейің! Жақсылыққа бас болып, Ауылымызда ас болып, Келген Наурыз құт болсын! Жүгінелік ақылға, Араздыққа жол беріп, Отырмайық тақырға. Жермен бірге жаңарып, Көңілде кір қалмасын! Сырттағы жау жаланып, Жағаға қол салмасын! Есіктен кірген емініп, Төр менікі демесін. Еңістен келген тебініп, Өр менікі демесін! Наурызбенен жаңарсын Тәнімдіз бен жанымыз Жақсы негіз қаланын Жарасып ән сәніміз!».

Қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар салт-дәстүрлерінің бірі — бата беру. Халқымыз ақ ниетпен бата беріп, жақындары үшін тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Оны кез келген адам айта бермейді және тойдағы тілектен айтарлықтай өзгешеленеді. Кімге қаратып айтылатынына қатысты да мәтін өзгеріп отырады.

Этнограф-фольклоршы ғалым Александр Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда шыққан "Образцы киргизской народной словесности, молитвенных благожеланий — бата сөз" атты мақаласында "Кімде-кім қазақ даласында болса, ол батаның халықтың қандай ерекше назарында болатынын жақсы біледі. Бата қазақ поэзиясының ерекше түрі, онда бата беруші адамның үй иесіне деген шын жүректі жарып шыққан ықылас-пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзиялық өлең түрінде ақтарылады" деп жазған. Бата беру дәстүрі қайдан шықты? Ал батаның шығуына қатысты фольклоршылардың пікірі әртүрлі. Яғни бұл тақырып әлі күнге дейін толық зерттеліп үлгермеген. Бірқатар маман оның араб елінің "фатеке" сөзінен шыққанын айтады. Фатеке дегеніміз — алғыс айту, ақ тілек білдіру. "Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі" кітабында фатекенің негізінен намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға екені туралы жазылған. Яғни қазақ баталары соның үлгісінде айтылады. Мәтінінің көркем болуы әдетте батаны айтып тұрған ақсақалдың ақыл-ой, парасатымен тікелей байланысты. Қазақ қоғамында бата көбінесе астан кейін табақты жинап алудың алдында атқарылатын ғұрып ретінде қалыптасқан. Ақсақал бата беріп жатқан кезде шаңырақтағы жастар, кейде, тіпті, жасы үлкендер орындарынан түрегеліп тұрады.

Халқымыз тілек пен батаның ара-жігін ажырата алады. Бірақ қалай десек те осы тілек пен батаның мүддесі бір. Барлығымыз да жастайымыздан бата алып өстік. Батада үлкен қасиет, үлгі-өнеге, салт-дәстүріміз бен үлкенді сыйлаудың нышаны бар. Үлкеннің сөзін тыңдау, олардан бата сұрау — тәрбие мен тектіліктің көзі деп түсінеміз. "Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер" деген сөз тегін айтылмаған. Сондай-ақ, батаны кім көрінген адам бере бермейді. Бата беру үшін өзің абыройлы, саиқалы да парасатты өмір сүруің керек. Тек ер адамдар емес әжелеріміз де бата беретін. Тіпті, эпостарымызда "ана батасы" деген тіркестер кездеседі. Бата — біздің дәстүріміздегі үлкен ұғымдардың бірі. Ол халық үшін өте қажет және оны дұға деп те түсінуге болады. Қазір діни баталар да көп айтылады.



Сапар батасы. «Қазақ елі ұл-қызы алыс сапарға немесе өмірін бәске тігіп жорыққа аттанарда халықты жинап, ішінен ең сыйлы деген азаматтан бата сұрайтын болған. Осыдан кейін адамның сапары немесе жорығы сәтті болып, елге аман-есен оралады деген наным қалыптасқан. Жолыңды Алла қолдасын, Жаманшылық болмасын. Серті мен сөзде тұратын, Сенімді болсын жолдасың. Жолыңды кесем дегендер Ешқашанда оңбасын. Сәтті болып істерің, Жақсы болсын түстерің, Жортып бір жортып жеткенде, Жомарт болып төсегің. Жұғымды болсын ішкенің Көрмеген жерді көріп қайт, Қайырылып сәлем беріп қайт. Ырзығың сыртта шашылса, Оны да түгел теріп қайт. Айдарыңнан жел есіп, Желіп барып, желіп қайт. Бақ қосылып басыңа, Дақ түспей ар мен бағыңа, Сау-саламат өзіңмен Кездесейік тағы да».

Қыздар мен келіндерге берілетін бата. Өсіп келе жатқан қыздың ақылына көркі сай, білімді де ісшең болсын деп қарттардан ықылас баталарын сұрайтын болған. Бұдан өзге ата-енелер келіндерін қыздай еркелетіп, оларға дастарханнан ас немесе табақтың түбін, кейде тіпті ішіп отырған шайын ұсынатын болған. Мұндайда келін орнынан атып тұрып сәлем берген. Осындайда қариялар келіндерге бата беретін болған. «Қыздарың құлықты болсын, Ғаламат білікті болсын. Күндей нұрлы болсын, Гүлдей түрлі болсын. Өлмес өнер берсін, Ән-жыр, өлең берсін. Теңдессіз дарын берсін. Ізгіліктің бәрін берсін. Талдай бой берсін, Таудай ой берсін. Жаздай жамал берсін, Оттай жанар берсін! Аллаһуакбар! Жасың ұзақ болсын, Күнің шуақ болсын. Басыңа бақыт қонсын, Үйіңе жақұт толсын. Балалы-шағалы бол, Ағалы-жағалы бол. Өркенің өсе берсін, Бақытқа қолың жете берсін!».

Жас жұбайларға және күйеу бала мен қарындасқа арналған бата. «Өз алдына түтін түтеткен жас жұбайлар отауларына кіріп орналасып алған соң сыйлы қариялар мен ағайын-туысқандарына дастархан жайып, кейін олардан бата сұрайтын болған. Сондай-ақ, үйлі-баранды болып үлгерген ерлі-зайыптылар да өздеріне тілекші болып жүрген ағайын-туыстарын шақырып, олардан ықылас баталарын тыңдайтын болған. Бақытты бол, бағың ашылсын, Әр күнің шаттыққа толсын. Босағаңа жамандық жетпесін, Төріңнен жақсылық кетпесін. Ұлдарың оншақты болсын, Қыздарың моншақты болсын. Бастарыңа бақ қонсын, Жаратқан ием жақ болсын. Ынтымақ серік болсын. Шаңырақтарың биік болсын. Несібе-ырыс иіп келсін. Дастархандарың кең болсын. Қызық-қуаныш тең болсын. Үй-іштерің мерекелі болсын, Өмірлерің берекелі болсын. Тілектерің ақ болсын, Махаббаттарың пәк болсын. Дастарқандарың берекелі болсын, Отбасыларың мерекелі болсын. Өмір-жастарың ұзақ болсын, Жолдастарың Қызыр болсын! Қораларыңнан қой кетпесін, Есіктеріңнен той кетпесін. Көшкенде көлікті болыңдар, Өлшеусіз өрісті болыңдар! Халық сүйер аға болыңдар, Тоңдырмайтын жаға болыңдар. Қиын жерде жол табар, Дарқан ойлы дана болыңдар! Аллаһуакбар!».

Шаңыраққа бата. Алыстан ат терлетіп келген қонақтар өздері түскен шаңыраққа алғыс ретінде бата-тілектерін айтатын болған. Ел мен жерге берілетін бата да осы іспеттес. Бірақ ол бір шаңыраққа емес, бүкіл елге беріледі. Мысал: «Шаңырақтарың шайқалмасын, Бақ-дәулеттерің ортаймасын. Жаратқан Иең жар болып, Не сұрасаң да қайтармасын! Шаңырақтарың сыйлы болсын, Отбасыларың дулы болсын. Қоныстарың нұлы болсын, Өрістерің сулы болсын! Аллаһуакбар!».

Қорыта айтқанда, қазақ халқы бата арқылы өзінің жан-жүрегінде жатқан ізгі тілектерін жеткізіп, бір адамның немесе халықтың тілеуін тілейтін болған. Сондай-ақ, бата беруші қариялар да халық алдында беделін түсіріп алмауға, бата беруге лайық болуға тырысқан.

«ҚУАТТЫ АРМИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ТЫНЫШТЫҚ КЕПІЛІ»

Әрбір елдің Әскери Күші өз елінің айбыны болып табылатыны анық, Әскердің күш-қуаты мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепіл бола алады. Яғни, әр елдің Қарулы Күштері қаншалықты мығым болса, сол елдің өсіп-өркендеуі мен дамуы да соншалық қалыпты жағдайға айналатыны рас. Сондықтан да, басқа елдер сияқты Тәуелсіз Қазақстан үшін де Әскери Күштердің маңызы ерекше.

Құрметті Солтүстікқазақстандықтар!

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша аудандық Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі келісімшарт бойынша қызметке шақыру бойынша хабарландыру.

19 және 35 жас аралығындағы азаматтарды келісімшарт қызметіне шақырамыз,

Қазіргі таңдағы Тәуелсіз Қазақстан армиясы ел қауіпсіздігінің берік қалқаны әрі егемендігіміздің мығымас кепілі болып саналады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы бой түзеген әрбір сарбаз бен сардар осы егеменді еліміздің айбынды армиясының қастерлі Тәуелсіздігімізді күзетіп тұрғанын ұдайы есінде ұстауы тиіс деп санаймыз. Келісімшарт қызметіне шақыру мекенжайымыз:

Тайынша қаласы, Светлый шағын ауданы 7. Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданының, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі тел: 8 (71536) 2-13-7 және тел: 8 (71536) 2-31-11.

АЙМАҒЫМ МЕНІҢ, АЙМАҒЫМ - ЖАП-ЖАСЫЛ ОРМАН ЖАН ЖАҒЫҢ, ЖАНЫҢНАН СЕНІҢ ӨТКЕНДЕ, ОРАЛАР ОЙҒА ЖАС ШАҒЫМ...



СКАРЛАТИНА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Әдетте балалар ауруы деп аталатын бірқатар инфекциялық аурулар бар, өйткені ол аурумен көбінесе балалық шақта ауырады. Осындай инфекциялардың бірі- скарлатина.

Скарлатина жоғарғы тыныс жолдарының жедел инфекциялық ауруы, интоксикация белгілерімен бірге жүреді, атап айтқанда: бас ауруы, дене қызуының жоғарылауы, әлсіздік; бадамша бездердің қабынуы (тамақ ауруы) және терідегі бөртпелер. Аурудың алғашқы сағаттарында бет аймағында бөртпе пайда болады, содан кейін мұрын-ерін үшбұрышынан басқа терінің бетіне әсер етеді. Тері қатпарларында бөртпе қаныққан, жанасу кезінде бөртпе дөрекі болады. Аурудың инкубациялық кезеңі 2-ден 12 күнге дейін созылады. Тәжірибелі дәрігер науқастың бір түріне қарап оңай диагноз қояды. Инфекция көзі- ауру адам немесе стрептококк инфекциясының тасымалдаушысы, сондай-ақ жиі жедел респираторлық инфекциялармен ауыратындар болады.

Инфекция негізінен ауа тамшылары арқылы беріледі, бірақ оны киім, тұрмыстық заттар, тамақ, лас қолдар арқылы жұқтыруға болады. Скарлатина өте жұқпалы, сондықтан да мұндай аурумен ауыратын нәрестелерді скарлатинаның жіті кезеңі қанша күнге созылғанына қарамастан, аурудың барлық кезеңінде басқа балалардан оқшаулау қажет.

Бұл ауруға қарсы нақты алдын-алу жоқ, сондықтан баланы өзінің ыдыс-аяқтан тамақтануға, жеке басты гигиена ережелерін сақтауға үйретіңіз.

Балалардың инфекцияларына ұқсас бөртпе басқа қауіпті ауруларда да болуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн, дұрыс емес емдеу, өзін-өзі емдеу ауыр асқынуларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан бөртпенің алғашқы көріністерінде сіз дереу дәрігерге қаралуыңыз керек.

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,
Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Ақын, әнші, қоғам қайраткері, композитор Тыныштық Шәменов ағамыздың туған жер тақырыбына жазылған кез-келген шығармашылығы жүрегіңді ерекше бір тебірентері сөзсіз. Осы мақаланың да ақынның елге деген ерекше сезімінен туған өлең жолдарымен басталуы тегін емес. «Елім» дейтін, еліне ерекше жанашырлық танытып жүретін ел азаматтарының қолдауымен ел орнында тұр. Сол бір, алғашқы қазығы қағылған күннен өркендеп өсіп, талай азаматтардың осы елден қанат қағып, биікке самғағаны елдің тарихында анық жазылған. Бүгінгі таңда да Тасимов Сағидолла Сейфоллаұлы бастап, ел азаматтарының қолдап атқарған еңбегі аз емес. Сол атқарылған еңбектің бірі, бірі емес-ау бірегейі – ел іргесінде ерекше ескерткіш орнатылды.


Ескерткіштер - қай халықтың болмасын өшпес қазынасы. 1981 жылы жабылған Аймақ елі, 42 жылдан кейін қайтадан жаңғырып, елдің азаматтарының арқасында, ата-бабаларымызға арналып ескерткіш орнатылды.

Аймақ елінің тарихына үңілетін болсақ, әуелгі атауы «Өлеңді қарағай» деп аталған. 1927 жылы Көкше өңіріне жер мәселесін шешуге келген ҚазЦиктің төрағасы Сәкен Сейфуллин елмен кездесу үшін «Өлеңді қарағай» жеріндегі көлдің жағасында, қарағай қайың араласқан, құдығының суы зәм-зәмдәй мөлдір жерге кигіз үй тіккізіп, бие байлатып, сол киелі, қастерлі жердің табиғатына тамсанып, «Көкшетау» поэмасының соңғы шумақтарын жазып бітірген. Сәкен ағамыздың шешімімен Аймақ ауылы аудан орталығы болуға лайық деп жеті жылдық мектеп-интернатын салғызған. Аймақ ауылының мектеп-интернатында көршілес жатқан ауылдардың, атап айтсақ, Ортақ, Қарағаш, Жаңатілек, Алабота, Қарғалы, Амандық, Мезгілсор елдерінің азамат пен азаматшалары дәріс алып, қазіргі таңға дейін қазақ елі үшін еңбек етіп, келе жатқан ұрпақтарына аманат болған киелі жер және білім ошағы. Елі мен жерін сүйетін, қастерлейтін, құрметтейтін, жас ұрпақты тәрбиелеудегі қазіргі буынның рухани жаңғыруы қазақ елінің болашағына үміт күттіретін болашақты тәрбиелеу - басты қасиет. Сол бір қара шаңырақтың шаңырағы шайқалмай, үлкен қара шаңырақ білім мен тәрбиенің ордасы екені көпшілікке аян. Құттығожин Ораз Сапарұлы басқарған білім ордасы жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, білім көкжиегінде биік белестерді бағындырып жүр. Қаншама осы мектеп түлектері жер-жерде абыройлы еңбек атқаруда. Осы ескерткішті орнатуда көмектескен еліміздің азамат пен азаматшаларын атап өтсек: Ұйымдастырған: Тасимов Сағидолла Сейфоллаұлы десек, ол шындық.

Асқан белсенділік, көмек көрсетіп, жиналғандарға ерекше бата беріп, тілек айтқан: Тұрғұмбаев Жұмабай ата, Шарипов Жұмжұма Балқожаұлы, Тлеужанов Рамазан Қайыржанұлы, Тұлеубаев Орынбасар Шәйкенұлы, Тасимов Нариман Қорқытбайұлы, Құттығожин Ораз Сапарұлы - елдің ерекше ризашылығын алғанына елі куә. Бұл – көпшілікпен бітетін күрделі шаруа. Ел болып көтерген бастамаға шынайы көмек көрсеткен де ауыл азаматтары болды. Алғашқылардың бірі болып ауыл әкімі Тасимов Нариман Қорқытбайұлы бұл іс шараның ойдағыдай өтуіне белсенділік танытты. Сонымен қатар, ол өз сөзінде ел азаматтарына алғыс білдірді. Ауыл азаматтары:

Каиров Рустем Бақытжанұлы, Сулейменова Алия Сайлауқызы, Абишева Оразбике Балқожақызы, Тұрғұмбаев Талғат Еслямұлы, Абылқасымов Елтай Тұяқбайұлы, Базарбаев

Қалымтай Болатұлы, Абылқасымов Серік Тұрсынбайұлы, Тұлеубаев Арслан Орынбасарұлы, Тұрғұмбаев Қайрат Еслямұлы, Шайхислямов Владимир Жақыпұлы, Омұрзаков Қанат Рамазанұлы, Кусанов Даурен Байғалиұлы, Тлеужанов Кенжебай Каирұлы, Тұрғұмбаев Мұрат Еслямұлы, Калымов Жеміс Балқожаұлы, Базарбаев Бауыржан Валераұлы, Тасимов Абылай Ертайұлы, Рахметжанов Бауыржан Сәлімұлы, Есмағамбетов Асет Советұлы, Шарипов Серік Жұмжұмаұлы, Әміргалиев Дауренбек Тоқтауыпұлы, Шарипов Еркін Баянұлы, Хуспанов Абай Талғатұлы, Тасимов Даниял Сағидоллаұлы және тағы да басқа жасөспірім жеткіншектер көмектерін аямады, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дегендей бір адамдай қызмет жасады.



Елдің әйел азаматтары да қалыс қалған жоқ. Олар: Тұлеубаева Күләш Шәкірқызы, Тұлеубаева Қарлығаш Халелқызы, Есимова Сандұғаш Есімбекқызы Тұрғұмбаева Шолпан Жандоллақызы, Тажғұлова Самал Қайырбайқызы, Күләш Сейфоллақызы Сулейменова, Бақыт Еслямқызы Досымова, Майра Нұрғалиқызы Есмағамбетова, Фалия Мейрамбекқызы Амиргалиева, Махаббат Ерікқызы Тұрғынбаева, Айгүл Талғатқызы Қасымова және тағы да басқа қыз-келіншектер.

Осындай шаруашылық кезінде ас мәзірін дайындап көмек қылғандардың ішінде - Белгібаева Күлбағда Тасымқызы, Тасимова Гүлзира Жандоллақызының еңбегі ерекше. Бұл тарихи кезеңді кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, арнайы бейнетаспаға түсірген де елдің азаматтары болды. Олар : Еслямов Дархан мен Рсекеев Мәди.

Осы іс-шараның басы-қасында жүрген азамат пен азаматшаларына мың алғыс! Міне шағын ауылдың бүгінгі өмірі, бүгінгі таңдағы тыныс – тіршілігі осындай!

Бұл - Аймақ ауылының бір күнгі ғана көрінісі. Аймақ ауылы гүлденіп жайнай берсін. Елдің қадір – қасиеті, елдігі мен бар болмысы, ұйымшылдығы мәңгілік болғай!

Жібек НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ, кітапханашы, Аймақ ауылы.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІК

(Жалғасы. Басы газеттің № 42 санында).

"БАТЫР БАЯН" ПОЭМАСЫ

Мағжан Жұмабаев – бірнеше көркем поэма жазған құлашы кең эпик ақын. Ол өз заманының толғауы күрделі жайларын халқының өткен тарихын жырлау арқылы көрсетуге ұмтылды. Өйткені артта қалған қазақ елін алға жетелеу сол халықтың өз қолынан ғана келмек. Сондықтан да халыққа күш берер осындай ерлік қайнарын Мағжан тарихтан іздеді. Өз шығармаларында кешегі өткен батыр бабаларымыздың ерлігін жырлады. Абылайды, Кенесарыны жырға қосты. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын оятуды ойлады. Бұл тұрғыдан келгенде, "Батыр Баян" поэмасының маңызы ерекше. Поэма оқиғасы бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманнан алынған.

... Қалмаққа қарсы жорыққа аттанбақ болған Абылай хан қол астындағы батырларын жинайды. Жалғыз Баян батыр ғана кешігіп келеді. Сөйтсе, бір кезде жорықта қолға түскен қалмақ қызы мен батырдың інісі Ноян екеуі көңіл қосып, қалмаққа қарай касып бара жатқан жерінен Баян қуып жетіп, екеуін де оққа байлап өлтірген екен. Қызда Баянның да ойы болған. Бірақ қалмақ қызы әр түрлі айламен жақындатпай жүріп, күндердің күнінде інісі Ноянмен сөз байласқан.

Бұдан кейін Абылайдың қолы жорыққа аттанады. Сол жорықта Баян батыр ерлікпен қаза табады. Оқиға желісін Мағжан жай ғана баяндап шықпайды. Биік романтикалық сарынға құрылған бұл поэмада батырлық та, достық та, адамгершілік мейірім де, ашу-ыза да бар. Поэма оқиғасы Баян батырдың өзі шығармада екі сипатта көрінеді. Інісі Ноян мен қалмақ қызының қылығына ашуланып, соңынан қуып жеткен шақтағы Баян мен екі жасты өлім құштырғаннан кейінгі Баянның көңіл күйі, кескін-кейпі екі түрлі, бірақ нанымды. Бәрі де қарапайым адам баласының бойынан табылатын таныс жағдайлар.

Алыстан екі кара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.
Бұл – Баян батырдың екі жастың артынан қуып жеткендегі кейпі. Ашу қысқан, сабырынан айырылған, жүрегін ашу мен ызаның оты жандырған алапат күш иесі. Алдынан тау кездесе де төңкеріп кетердей екпінді. Тіпті Ноянның өзі ағасының мына түрінен шошынып қалады.

... Ойламай, белді бекем будым неге?

Қозымды қас дұшпандай құдым неге?

Майысып Ноян қалқан, ерке марқам,

Қасқиып қарсы алдымда тұрдың неге?

Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,

Бір ата, бір анадан тудым неге?

Салдырап шіріп қалғың саусақтарым

Қанымен өз қозымның жудым неге?

Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,

Өлмедім ішіп уын ұдың неге?

Туған бауырын оққа байлап, екі ғашықтың өлімі үстінде тұрған Баян осылай егіледі. Бірақ болар іс болды, өз қолын өзі кесе алмайды. Егіле тұрып ойланады. Жаңағы өзі қойған көп "неге?" жауап іздейді.

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,

Інімді алты алаштың намысы үшін?! – деп өзін жұбатады. Осылайша өзін-өзі бекіткен Баян батыр қалмаққа аттанып, сол жорықта ерлікпен қаза табады.

Поэма оқиғасы бас кейіпкерлерінің бірі – қалмақ қызы. Ол Мағжанның ұғымында жай ғана тұтқын емес. Атағы алашқа әйгілі Баян батыр ғашық болған қыздың көркіне ақылы сай еді. Қыздың сұлулығын Мағжан аса нанымды суреттейді.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,

Бір соған бар сұлудың жиылғандай.

Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,

Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.....

Осындай ерекше сұлулық иесі – қалмақ қызының қайсарлығы мен ақылы да қайран қалдырады. Сөз салмақ болған Баянды "ағатайлап" жүріп, өзіне қарындас ретінде қарауға мәжбүр еткен. Түпкі ойында туған жұрты, ата-анасы жатыр.

М. Жұмабаевтың шығармашылығы бойынша

дайындаған

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ азаматтық қызметкер лауазымының бос орнына конкурс жариялайды:

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры (1 бірл). Азаматтық қызметкер санаты А1-3. Жалақысы 190874 мың теңгеден 231432 мың теңгеге дейін қызмет атқарған жылдарына байланысты.

Лауазымдық міндеттері:

- мәдени-демалыс ұйымының қызметіне басшылық жасайды;

- шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағарту жұмыстарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

- байқаулар мен фестивальдарды, халық шығармашылығы конкурстарын, көркемөнерпаздар жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді;

- көркемөнерпаздар ұжымдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

- саябақ пен оның филиалдарының аумағында эстрадалық театрлар, кинолекториялар, планетарий, кітапханалар, би және ойын павильондары, алаңдар, мұз айдындары, шаңғы және қайық станциялары, мәдени-тұрмыстық және спорттық мүкәммалды жалға беру базалары, Халыққа қызмет көрсету үшін түрлі аттракциондар мен объектілер, үрмелі және эстрадалық оркестрлер, көркемөнерпаздар ұжымдары, түрлі секциялар ұйымдастырады, бау-бақша шаруашылығын дамыту және сақтау;

- әдістемелік құралдарды, сценарийлерді әзірлеу, репертуар жасау, осы материалдарды рецензиялау және көркемөнерпаздар ұжымдарына шығармашылық көмек көрсету үшін білікті мамандарды тартады;

- қызметкерлердің біліктілігін арттыруға жағдай жасайды, шығармашылық бастамасын көтермелейді, ынталандырады;

- ұйым қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылайды.

Конкурсның қатысушыларына жалпы талаптар:

ҚР Конституциясын, ҚР Бюджет кодексын, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексын, ҚР Еңбек кодексын, Әкімшілік процессуалдық-процестік кодексын, авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы ҚР Заңын, Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», "Мемлекеттік сатып алулар туралы" заңдарын және ішкі еңбек тәртібінің ережесін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғау бойынша ережелерді білу.

Біліктілікке қойылатын талап:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімдер (жалпы даму пәні бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер мен әдебиеттер бойынша педагогтарды даярлау) немесе "өнер" немесе "гуманитарлық ғылымдар" немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат немесе бизнес, басқару және құқық немесе қызметтер (туризм, мәдени-демалыс жұмысы);

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдар үшін кемінде 5 жыл, мәдениет саласында немесе жұмыс органы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдар үшін басшылық лауазымдарда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында немесе жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарында және жұмыс органы бекітетін адамдар үшін кемінде 2 жыл және / немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және / немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және / немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-демалыс жұмысы).

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығымен бекітілген, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

7) азаматтық қызметке түру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысуына қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады.

Комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Ұйым кандидаттардың тізімін бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушыларды кандидат ретінде бекіту туралы, әңгімелесу өтетін күн, уақыт және орын туралы хабардар етеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында жарияланған соң 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс: 151000, Тайынша қаласы, Пролетар көш., 193, «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ. Анықтама телефондары: 8(71536) 2-36-31, электрондық пошта Tai-kult@sqo.gov.kz.

"БЖЗҚ" - ның АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАСЫ

"БЖЗҚ" АҚ енді өзектілігі төмендеп бара жатқан пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілдерінен бас тарту үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың және хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қойудың қажеті жоқ екенін хабарлайды.

Оны қалай істеуге болатынын түсіндіріп берейік:

• БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру кезіндегі авторланудан өткеннен кейін салымшының (алушының) "Пошта байланысы қызметтері арқылы" және (немесе) "Электрондық пошта арқылы" белсенді хабарлау тәсілдерінің бар-жоғын жүйе автоматты түрде тексереді.

• Жоғарыда көрсетілген хабарлау тәсілдерінің екеуі де, не біреуі ғана болған жағдайда салымшыға (алушыға): "Сізге "БЖЗҚ" АҚ Жеке кабинеті (веб-сайт немесе ұялы қосымшадағы) арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға рұқсат берілуіне байланысты Сіз "БЖЗҚ" АҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты бұрын өзіңіз таңдаған "Пошта байланысы арқылы" және (немесе) "Электрондық пошта арқылы" тәсілімен (тәсілдерімен) таратуынан бас тарта аласыз" деген хабарлама шығарылады.

• Келіскен жағдайда салымшының (алушының) БЖЗҚ дерекқорындағы ұялы телефон нөміріне жіберілетін SMS-код арқылы бас тартуды растау мүмкіндігі беріледі.

• БЖЗҚ дерекқорындағы телефон нөмірі өзекті болмаған жағдайда, БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде сақталатын SMS-кодты алу үшін басқа ұялы телефон нөмірін көрсету мүмкіндігі бар.

Естеріңізге сала кетейік, бүгінде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар әрбір салымшы (алушы) зейнетақы

жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты Жеке кабинет арқылы 24/7 режимінде:

- enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасы;

- egov.kz электрондық үкіметі порталы арқылы ала алады.

Сондай-ақ, салымшылар (алушылар) ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу үшін тікелей БЖЗҚ кеңселеріне жүгіне алады. Бұған қоса, үзінді көшірмені таңдалған кестеге сәйкес электрондық пошта арқылы, егер олар бұрын хабарлаудың осы тәсілдерін таңдаған болса, пошта байланысы қызметтері арқылы (жылына 1 рет) алушы жалғастыруға болады.

Сонымен қатар, заңнаманың ережелеріне сәйкес салымшылар (алушылар) БЖЗҚ міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы (оның ішінде электрондық мекенжай, телефон нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, банк деректемелері) Қорға осындай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлау міндетті екендігіне назар аударамыз. Хабарлау мүмкіндігі БЖЗҚ интернет-ресурстарындағы Жеке кабинет арқылы да, Қор кеңсесіне жүгіну арқылы да қолжетімді.

Айта кетейік, БЖЗҚ қызметтерінің 92% онлайн режимінде көрсетіледі. Қашықтықтан көрсетілетін сандық сервистердің қарқынды дамуы нәтижесінде интернет-хабарландыру ең ыңғайлы және жедел формат ретінде танымал болып келеді.

БЖЗҚ салымшыларының көпшілігі Қор қызметтерін ресми сайт немесе БЖЗҚ-ның ыңғайлы функционалдық ұялы қосымшасын пайдалана отырып, смартфондар немесе планшеттер арқылы алады. Ол Google Play немесе AppStore немесе Huawei AppGallery арқылы қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 333. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.